

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЗАМАНАУИ ҮРДІСТЕРДІ ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП,
БАСТАУЫШ, НЕГІЗГІ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙЛЕРІНІҢ ҮЛГІЛІК
ОҚУ ЖОСПАРЛАРЫН ЖӘНЕ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН
БАЙҚАУДАН ӨТКІЗУДІ СҮЙЕМЕЛДЕУ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Астана, 2022

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми-әдістемелік кеңесімен баспаға ұсынылды (15.11.2022 жылғы №11 хаттама).

Білім берудегі заманауи үрдістерді ескере отырып, бастауыш, негізгі орта білім беру деңгейлерінің Үлгілік оқу жоспарларын және Үлгілік оқу бағдарламаларын байқаудан өткізуді сүйемелдеу бойынша әдістемелік ұсынымдар, – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. –160 бет.

Білім берудегі заманауи үрдістерді ескере отырып, бастауыш, негізгі орта білім беру деңгейлерінің Үлгілік оқу жоспарларын және Үлгілік оқу бағдарламаларын байқаудан өткізуді сүйемелдеу бойынша әдістемелік ұсынымдарда апробациядан (байқаудан) өткізудің мақсаты, міндеттері және мерзімдері; апробацияны (байқауды) өткізудің эксперименттік базасы; апробацияға (байқауға) арналған ресурстар: ҮОЖ, Үлгілік оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары; апробация (байқау) қорытындыларын бағалау құралдары берілген.

Әдіснама білім басқармаларының, білім беру ұйымдарының басшылары мен әдіскерлеріне, сынып және пән мұғалімдеріне және мектепте оқу процесін ұйымдастыруға қатысатын тұлғаларға арналған.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2022.

Кіріспе

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауында: «Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Жаһандық ғылыми-техникалық даму барысын ескерсек, жоғары сыныптарда жаратылыстану-математика пәндерін және ағылшын тілін оқытуды барынша күшейту маңызды. Білімді және бірнеше тілді меңгерген ұрпақ болашаққа сеніммен қадам басады. Біздің күшіміз – жастардың білімінде» деп атап көрсетті.

Мемлекет Басшысы орта білім беру мазмұнының сапасын жетілдіруге баса назар аударуды тапсырды. Осы орайда Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі орта білім мазмұнын жетілдіруге бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруды бастады.

Білім мазмұнын жетілдіру – білім беру бағдарламасының мазмұнын және оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін қайта қарастыру.

Білім мазмұнын жетілдірудің басты мақсаты – білімді, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар мен заманауи дағдыларды бойына сіңірген, мақсаты айқын, мұраты биік, саналы азамат тәрбиелеу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасына сәйкес тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ету қажет.

Әрбір білім беру ұйымының міндеті-ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарланған, функционалдық сауаттылық дағдылары бар және оны қоршаған болмыста бәсекеге қабілетті бола алатын білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру ортасын құру.

2022-2023 оқу жылынан бастап республиканың мектептерінде Үлгілік оқу жоспарлары және бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын сынақтан өткізіледі, ал 2024-2025 оқу жылынан бастап елдің жалпы білім беретін мектептеріне мазмұны жетілдірілген үлгілік оқу бағдарламаларын енгізу басталады.

Білім берудегі заманауи үрдістерді ескере отырып, бастауыш, негізгі орта білім беру деңгейлерінің Үлгілік оқу жоспарларын және Үлгілік оқу бағдарламаларын байқаудан өткізуді сүйемелдеу бойынша әдістемелік ұсынымдар жалпы білім беретін мектептерге арналған мазмұны жетілдірілген үлгілік оқу жоспарларын және үлгілік оқу бағдарламаларын байқаудан өткізуді сүйемелдеу арқылы тиімділігін анықтауға көмектеседі.

Білім берудегі заманауи үрдістерді ескере отырып, бастауыш, негізгі орта білім беру деңгейлерінің Үлгілік оқу жоспарларын және Үлгілік оқу бағдарламаларын байқаудан өткізуді сүйемелдеу бойынша әдістемелік ұсынымдар Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарында Үлгілік оқу жоспарларына және Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына

апробация өткізуді ұйымдастырудың бірыңғай әдістемелік тәсілдерін анықтауға мүмкіндік береді.

Әдістемелік ұсынымдар төмендегі бөлімдерден тұрады:

1. Апробациядан (байқаудан) өткізудің мақсаты, міндеттері және мерзімдері

2. Апробацияны (байқауды) өткізудің эксперименттік базасы

3. Апробацияға (байқауға) арналған ресурстар: ҮОЖ, Үлгілік оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары

4. Апробация (байқау) қорытындыларын бағалау құралдары.

1. АПРОБАЦИЯДАН (БАЙҚАУДАН) ӨТКІЗУДІҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ

Бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын және үлгілік оқу бағдарламаларын мектептің білім беру процесіне енгізуден бұрын оны эксперименттік зерттеу және тәжірибелік қолдану, яғни апробация өткізу қажет.

«Апробация» ұғымы латын тілінен шыққан approbation, бұл мақұлдау, растау, дәлелдеу дегенді білдіреді.

Түсіндірме сөздікте ол жүргізілген тексеру сынағы негізінде ресми мақұлдау ретінде анықталады.

Анықтамадан бұл рәсім тәжірибеге енгізу барысында оның әзірлеу кезінде берілген параметрлерге сәйкестігін растау және дәлелдемелер алу арқылы апробация нысанасын қоғамдық мақұлдауға бағытталғаны анық болады.

Апробация үлгілік оқу білім беру бағдарламасы болған жағдайда, апробация рәсіміне қосымша талаптар қойылуы тиіс.

Біріншіден, үлгілік оқу бағдарламасы әзірленгеннен кейін, оны жүзеге асыру үшін қоғамдық-кәсіби сараптамадан өтуі керек.

Екіншіден, апробацияның талаптары негізде бағдарламаны іске асыру шарттарына қойылатын талаптарға жауап беретін бірқатар білім беру мекемелері таңдалады.

Үшіншіден, апробация процесі бағдарламалардың мазмұнын түзетуге мүмкіндік беретін кері байланысты қамтамасыз ететін арнайы зерттеулермен сүйемелденуі тиіс.

Апробация барысында бағдарламаны жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізілуі мүмкін.

Апробация нәтижелері бойынша бағдарламаның тиімділігі бағаланады, оны одан әрі қолданудың орындылығы анықталады.

Апробация өткізудің мақсаты: Бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын және үлгілік оқу бағдарламаларының оқыту пәні бойынша тиімділігін анықтау.

Апробация өткізудің міндеттері:

1) Бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын және үлгілік оқу бағдарламаларын білім беру жүйесіне енгізу тиімділігін тәжірибеде тексеру:

- бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларының білім алушыға қолжетімділігін (тиімділігі, оңтайлығы, қолайлылығы, түсініктілігі және т.б.);

- бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларының оқу мақсаттарының анықтығын, күрделілігін, бір сыныптағы және әр тоқсандағы оқу мақсаттары мөлшерінің оңтайлылығын, оқу мақсаттарының өлшемділігін;

- бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары компоненттерінің бірізділігі мен сабақтастығын;

-білім алушылардың білім беру процесіне эмоционалдық қарым-қатынасын (қабылдауы, қызығушылығы, уәждемесі, белсенділігі);

-бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларының оқу процесіне ықпалын (мұғалімдердің, мектеп әкімшілігінің және ата-аналардың білім беру процесіне қанағаттануы);

2) Бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларының МЖББС-ның негізгі ережелеріне сәйкестік дәрежесін анықтау;

3) Бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларында ұсынатын оқыту әдістері мен бағалауды қолдану дәрежесін анықтау;

4) Бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары бойынша білім алушылардың оқу нәтижелерін талдау (білім алушылардың білім сапасы, оқыту мақсаттарына жету, оқу бағдарламасының оқыту процесінде білім алушылардың жалпы денсаулығына әсері);

5) Бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларына түзетулер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсынымдар әзірлеу;

б) Апробация өткізуге қатысатын мектеп мұғалімдеріне әдістемелік қолдау көрсету;

7) Бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын мектептің оқу процесінде қолдануда мүмкін болатын қауіп-қатерлерді анықтау.

Нысаны: Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдары.

Апробация өткізу аумағы: Қазақстан Республикасы өңірлері.

Апробацияның зерттеу пәні: Бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына және үлгілік оқу бағдарламаларына теориялық және тәжірибелік зерттеу жасалынады.

Апробацияны өткізу әдістері: зерттеу жұмыстарын жүзеге асыруда теориялық (модельдеу, аналитикалық-синтетикалық, салыстырмалы), эмперикалық (сұрау, бақылау, педагогикалық эксперимент, педагогикалық іс-тәжірибелер); әлеуметтанулық (сауалнама); зерделеу, жинақтау әдістері қолданылды.

Апробацияны өткізудің ғылыми болжамы - егер, бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламалары теориялық тұрғыда негізделіп, **оны** оқу процесінде пайдалану тиімділігі анықталса, **онда** үлгілік оқу жоспарларының және үлгілік оқу бағдарламаларының сапасы артады.

Апробацияны өткізудің жетекші идеясы: Бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын және үлгілік оқу бағдарламаларын апробациялық зерттеуден теориялық және тәжірибелік тұрғыдан өткізу, үлгілік оқу бағдарламаларының тиімділігін арттыруға жағдай жасайды.

Апробацияны өткізуде басшылыққа алынатын зерттеу көздері (нормативтік-құқықтық құжаттар):

1. ҚР Конституциясы. 1995 жылғы 30 тамыз.
2. ҚР «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы.
3. ҚР «Баланың құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы;
4. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.
5. Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген.
6. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын, үлгілік оқу бағдарламаларын сараптау және сынақтан өткізу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидалары. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі 2021 жылғы 18 мамырдағы № 221 бұйрықпен бекітілген.
7. «Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің статистикасы» Ұлттық жинақ – «Ақпараттық - талдау орталығы» АҚ: Нұр-Сұлтан, 2022. – 308 бет.

Бұл әдіснамада мынадай терминдер мен олардың анықтамалары қолданылады:

Апробация – оқу бағдарламасы жобасының мазмұнын, сапасын бағалау мақсатында талдау, сынақтан өткізу.

Үлгілік оқу бағдарламасы – мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиеленушілеріне арналған ұйымдастырылған оқу қызметінің әрбір түрі және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейінде білім алушыларға арналған әрбір оқу пәні бойынша меңгерілуге тиіс білімдердің, біліктердің, дағдылардың және құзыреттердің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама.

Үлгілік оқу жоспары – мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиеленушілеріне арналған ұйымдастырылған оқу қызметінің тізбесін, жүйелілігі мен көлемін және орта білім беру ұйымдарының білім алушыларына арналған оқу пәндерінің тізбесін, жүйелілігі мен көлемін регламенттейтін құжат;

Эксперименттік база – жаңа педагогикалық технологиялар мен білім берудің жаңа мазмұнын сынақтан өткізуге арналған эксперимент режимінде білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы.

Үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларының жобаларын қарау мерзімі:

1. Үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларының жобаларын теориялық қарау мерзімі. Ең аз мерзімі 1 ай.

2. Үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларының жобаларын практикада немесе оқу процесінде өткізу мерзімі – 1 немесе 3 оқу жылы. Қажеттілік болғанда ең аз мерзімі –1 тоқсан.

Үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларының жобаларын қарау мерзімін Ұйымның ғылыми кеңесі жұмыс көлеміне қарай айқындайды.

«Өңдеуге жіберіледі» сараптамалық қорытындысын алған үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларының жобаларын Өзірлеуші күнтізбелік 30 күн ішінде өңдейді және қайта сараптамадан өтеді.

2. АПРОБАЦИЯНЫ (БАЙҚАУДЫ) ӨТКІЗУДІҢ ЭКСПЕРИМЕНТТІК БАЗАСЫ

Бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын апробациядан (байқауды) өткізудің эксперименттік базасы «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 44-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 139 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында эксперимент режимінде іске асырылатын білім беру бағдарламаларын әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізу қағидаларына» және Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының білім беру ұйымдарындағы эксперименттік алаң туралы ережеге сәйкес айқындалады.

Қазақстан Республикасындағы орта білім беру ұйымдарында апробация өткізуге қатысушыларды іріктеу алғашқы деректер ретінде Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі дамуының негізгі көрсеткіштері мен индикаторлары бойынша статистикалық деректер болатын ұлттық жинақтың нәтижелері қолданылады.

Баспаға «Ақпараттық – талдау орталығы» АҚ әзірлеген («Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің статистикасы» Ұлттық жинақ - Нұр-Сұлтан, 2022. – 308 бет.) Басылым Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі бойынша толық статистикалық деректерді қамтиды.

Іріктеу объективтік сипаттарға:

- сыныптың толықтығы;
- білім беру ұйымының әртүрлі мекенжайдағы орналасқан жері;
- оқу нысаны;
- білім беру ұйымдарының типтері мен түрлері кездейсоқ жолмен

іріктелген мектептер жиынтығы жатады.

Кездейсоқ жолмен іріктелген мектептер жиынтығының облыстағы барлық мектептердің объективтік сипаттары мен пропорционалдығы сақталған миниатюрасы болуы керек. Мұндай іріктеуді өкілетті немесе репрезентативті деп атайды.

Ықтималды-пропорционалдық әдісті пайдаланып қателігі 5%-дан аспайтындай өкілетті іріктеуді іске асыру үшін республика мектептерінің толық тізімінен 150 мектеп іріктелініп алынса жеткілікті.

Зерттеу жүргізу барысында апробация өткізетін мектептер үш деңгейлі іріктеуден өтеді.

Қазақстан Республикасы бойынша: *Облыс страттарға (аудандарға)* бөлінеді.

Бірінші кезеңде страттар іріктеледі, екінші кезеңде іріктелген страттардағы мектептер іріктеледі, үшінші кезеңде іріктелген мектептер қала, ауылға бөлінеді.

Қазақ және орыс тілді мектептерді қамту ескеріледі.

Страттер көлемді болған сайын іріктеудің ішіне қосылу ықтималдығы жоғары болады. Ықтималдығы 1-ге тең іріктеуге зерттелетін жиынтықтағы мектептер саны іріктеу интервалынан жоғары страттер кіреді. Іріктеу интервалы

зерттеу жиынтығының жалпы санын облыстағы іріктелген старттер санына бөлу қажет.

Стратификацияда мынадай жұмыстар атқарылады:

- Облыс, аудандарға бөлу (сыртқы страттар);
- бас жиынтықтың өлшемін анықтайтын, апробация өткізуге қатысатын мектептердің және пән мұғалімдерінің құрамын, санын анықтау. Оған нақтылы оқу деңгейінің бағдарламасын жүзеге асыратын барлық білім беру ұйымдарының барлық оқушыларының саны енеді;
- страттардың жалпы тізімін олардың әрқайсысындағы мектептердің, пән мұғалімдерінің, оқушылардың санын көрсете отырып жасау.

Бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру деңгейі ескеріледі. Кездейсоқ әдіспен іріктелген білім беру ұйымдарының жиынтығы облыс мектептерінің олардың статусы бойынша пропорционал бөлінген барлық жиынтығын көрсетеді.

Зерттеу жүргізу үшін жекеленген білім алушылар іріктелмейді, оқу бағыттары (қоғамдық-гуманитарлық бағыт және жаратылыстану-математикалық бағыт) бойынша толық сыныптар іріктеліп алынады.

Шағын жинақты мектептер (ШЖМ) бойынша осы мектептердегі оқу ерекшеліктері ескеріле отырып, жеке іріктеу жүргізіледі.

Апробация өткізетін мектептерді іріктеу ықтималды-пропорционалдық әдіс негізінде жүргізіледі.

Мектептерден іріктелген әрбір сыныптың құрамы және статусы туралы ақпараттар жиналады. Кездейсоқ іріктеу әдісі арқылы көптеген сыныптардың ішінен бір сынып іріктеліп алынады. Іріктелген сыныптың барлық оқушылары зерттеуге қатысулары тиіс. Бір мектептің ішінде іріктелген сыныптың орнына басқа сыныпты ауыстыруға жол берілмейді. Зерттеуге іріктелген мектептердің кем дегенде 85%-ы, сыныптардың 95%-ы, жоспарланған оқушылардың 90%-ы қатысулары тиіс. Осы сыныптардың оқушылары зерттеу жиынтығын құрайтын болады.

Білім беру ұйымдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) бекітілген Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының негізгі ережелерін ескере отырып Бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын апробациядан өткізеді.

Бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын апробациядан өткізуге келісу үшін оқу-әдістемелік бірлестікте немесе базасында оны іске асыру жоспарланып отырған тиісті білім беру ұйымының педагогикалық кеңесінде мақұлдануы қажет.

Эксперименттік білім беру және жаңа педагогикалық технологияларды жүзеге асыру бағдарламаларын сынақтан өткізу және енгізу туралы шешім қабылдау үшін Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясына мынадай құжаттарды ұсынады:

1) базасында бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын апробациядан өткізілуі жоспарланып отырған білім беру ұйымының атауы мен орналасқан жері (заңды, нақты мекенжайы, байланыс деректері) көрсетілген эксперименттік білім беру бағдарламаларын енгізу туралы жазбаша өтінім;

2) Бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын апробациядан өткізу мүмкіндігі жазылған негіздемесін;

3) эксперименттік кадрлық, экономикалық, материалдық-техникалық және ғылыми қамтамасыз етілуі бойынша алдына ала жасалған есептеулерді;

4) білім беру ұйымының педагогикалық кеңесінің немесе оқу-әдістемелік бірлестігінің хаттамасынан үзінді;

5) эксперименттік білім беру және жаңа педагогикалық технологияларды жүзеге асыру бағдарламасы.

Бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын апробациядан (байқауды) өткізудің эксперименттік базасының тізімі және оған негіздеме қаралады. Ғылыми кеңестің шешімі бойынша Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясында Бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын апробациядан (байқауды) өткізу және енгізу білім беру ұйымдарына Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының эксперименттік базасы статусын беру туралы бұйрығы шығарылады.

Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Эксперименттік база статусын алған білім беру мекемесімен келісім шарт жасайды.

Келісім шарт негізінде эксперименттік алаңның ғылыми жетекшісі Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясынан тағайындалады.

3. АПРОБАЦИЯҒА (БАЙҚАУҒА) АРНАЛҒАН РЕСУРСТАР: ҮОЖ, ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ, КҮНТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЛАРЫ

Педагогтің жүктемесін азайту мақсатында, сондай-ақ оқушының оқитын сабағының сағатын азайту үшін оқу жоспарларын қайта қарап сағат санын азайту жолдары қаралды.

Оқу жоспарлары мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында берілген пәндер бойынша оқу бағдарламаларын іске асырумен тікелей байланысты.

МЖМБС орындау үлгілік оқу жоспарының екі компонентін іске асыру арқылы жүзеге асырылады: оқыту тілін ескере отырып, инвариантты және вариативті.

2021-2022 оқу жылында білім беру ұйымдарында 2018 жылдан бастап қолданыста тұрған қысқартылған оқу жүктемесі бар 20 ҮОЖ-мен және сондай-ақ аптасына оқу сағатын 1-сыныпта 24,5 сағаттан 22,5 сағатқа дейін, 11-сыныпта 39 сағаттан 37 сағатқа дейін қысқартылған 42 жаңа ҮОЖ тандап білім алушыларды оқыту мүмкіндігі берілді.

Білім берудің бастапқы деңгейі 1-4 сынып «Әліппе» және «Ана тілі» (аптасына 6 сағат), «Қазақ тілі» (аптасына 4 сағат), «Әдебиетті оқу» (аптасына 2 сағат), «Орыс тілі» пәндері бойынша инвариантты сағаттар саны аптасына 2 сағат), «Шет тілі» (аптасына 2 сағат), «Математика» (1-2 сынып - аптасына 4 сағат, 3-4 сынып - 5 сағат) сақталған. Бұл жағдайда дамушы сипаттағы жеке және топтық сабақтарды қамтамасыз ететін вариативті компонент алынып тасталды.

Негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларында 5-9 сыныптарда инвариантты компонент- «Тіл және әдебиет» - 65 сағат, «Математика және информатика» - 30 сағат, «Жаратылыстану» - 27 сағат, «Адам және қоғам» - 21 сағат сақталған, «Технология және өнер» - 9 сағат, «Дене шынықтыру» - 15 сағат. Сонымен қатар, вариативті компонентте әр сыныпта «Жаһандық құзыреттілікті» зерттеуге 1 сағат қалдырылды (қазіргі қоғамның сын-қатерлеріне жауаптар: экология, парасаттылық, эмоционалды интеллект, медиасауаттылық, дінтану).

Осылайша, негізгі орта білім беру деңгейінде апталық оқу жүктемесі 171 сағатты құрады (2021 жылға дейін барлығы -176 сағат).

Жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларында 10-11 сыныптарда оқытудың бейінділігін ескере отырып, инвариантты жүктеме оқыту көзделген (қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық). Бұл ретте вариативтік компонентте элективті курстар және «жаһандық құзыреттіліктерді» (кәсіпкерлік және бизнес негіздері) зерделеуге 1 сағаттан қалдырылды. Осылайша, орта білім беру деңгейінде апталық оқу жүктемесі 74 сағатты құрады (2021 жылға дейін 78 сағат).

Білім берудің барлық деңгейлеріндегі өзгерістерге сәйкес нормативтік оқу жүктемесінің жылдық көлемі 510 сағатқа қысқарды.

Білім беру ұйымдарындағы оқу процесі тандап алынған Үлгілік оқу жоспарлары негізінде жүргізіледі.

«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі бұйрығының жобасының түсіндірме жазбасы

Бұйрық жобасының мақсаты - білім беру мазмұнын түзету болып табылады.

Қазақстандық білім беруді ағымдағы жаңғыртудың түйінді бағыттары оқушыға түсетін оқу жүктемесін азайту, STEM білім беру тәсілдері, тәрбиелік компонент негізінде жаратылыстану-математикалық пәндерді оқытуды күшейту, білім алушыларды ерте әлеуметтендіру және кәсіптік бағдарлау, білім берудің инклюзивтілігін күшейту, тұрғылықты жеріне және оқыту тіліне қарамастан сапалы білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету болып табылады.

2022 жылдың 1 қыркүйегінен бастап 1-сыныпта ана тілін үйрену жоспарлануда, 2-сыныпта бағдарламаға орыс тілі, 3-сыныпта ағылшын тілі кіреді.

Нәтижесінде 11 жылдық оқыту шеңберінде оқу бағдарламаларын жетілдіру жөніндегі жүйелі жұмыс Қазақстандық білім беру жүйесін білім берудің халықаралық стандарттық сыныптамасы деңгейіне шығаруға мүмкіндік береді және мектеп түлектеріне Еуропалық біліктілік шеңберінің қажетті деңгейлерін меңгеруге мүмкіндік береді.

Төмендетілген оқу жүктемесімен үлгілік оқу жоспарлары

(оқыту тілдері, бейіндері, оқыту түрлері бойынша)

-**жалпы білім беретін мектептерге арналған** – 12, оның ішінде:

- бастауыш білім беру деңгейіне – 3 (оқыту тілдері бойынша №11-13 қосымшалар),

- негізгі орта білім беру деңгейіне – 3 (оқыту тілдері бойынша №16-18 қосымшалар),

- жалпы орта білім беру деңгейіне – 6 (оқыту тілдері және бейіндік бағыттар бойынша №21-26 қосымшалар).

- **гимназия сыныптарына арналған** – 8, оның ішінде:

бастауыш білім беру деңгейіне – 2 (оқыту тілдері бойынша №14, 15 қосымшалар),

негізгі орта білім беру деңгейіне – 2 (оқыту тілдері бойынша №19, 20 қосымшалар),

жалпы орта білім беру деңгейіне – 4 (оқыту тілдері және бейіндік бағыттар бойынша №27-30 қосымшалар).

Үлгілік оқу жоспарлары (жаңартылған мазмұндағы):

- **кешкі мектептерге** – 6, оның ішінде:

негізгі орта және жалпы ортаға – 4 (күндізгі оқу – 2 (оқыту тілдері бойынша №31, 32 қосымшалар),

сырттай оқу – 2 (оқыту тілдері бойынша №33, 34 қосымшалар), бастауыш

және негізгі орта білім берудің жеке сабақтары (сырттай оқу) – 2 (оқыту тілдері бойынша №35, 36 қосымшалар).

- **білім беру ұйымынан тыс уақытша** білім алушылар үшін үлгілік оқу жоспарлары – 16, оның ішінде:

- бастауыш білім беру деңгейі – 4 (оқыту тілдері, топтық және жеке сабақ бойынша №37-40 қосымшалар),

- негізгі орта білім беру деңгейі – 4 (оқыту тілдері, топтық және жеке сабақ бойынша №41-44 қосымшалар),

- жалпы орта білім беру деңгейі – 8 (оқыту тілдері мен бейінділік бағыттар, топтық және жеке сабақ бойынша №45-52 қосымшалар).

- **үйде оқытуға арналған** - 8, оның ішінде:

бастауыш білім беру деңгейі – 2 (оқыту тілдері бойынша №53, 54 қосымшалар),

негізгі орта білім беру деңгейі – 2 (оқыту тілдері бойынша №55, 56 қосымшалар),

жалпы орта білім беру деңгейі – 4 (оқыту тілдері мен бейінділік бағыттар бойынша №57-60 қосымшалар).

- **мамандандырылған білім беру ұйымдарына арналған** – 34 (білім беру деңгейлері, оқыту тілдері, бейінділік бағыттары бойынша №61-92, 109-110 қосымшалар), оның ішінде:

бастауыш білім беру деңгейі – 2,

негізгі орта білім беру деңгейі – 8 ,

жалпы орта білім беру деңгейі – 10,

бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру - 2.

- **физика-математика мектептеріне арналған** – 6 (білім беру деңгейлері және оқыту тілдері бойынша №93-98 қосымшалар).

- олимпиадалық резервтің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжіне,

спорттағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернаттарға,

олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектептеріне арналған үлгілік оқу жоспарлары (жаңартылған мазмұндағы) – 4 (№105-108 қосымшалар).

- ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін үлгілік оқу

жоспарлары (жаңартылған мазмұн) – 10 (№ 4, 5, 9, 10, 111-116 қосымшалар).

2022-2023 оқу жылында Республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жүргізіледі (ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен), барлық 102 қосымшасына өзгерістер енгізді.

Меншік және оқыту түріне қарамастан, білім беру ұйымдарына оқу процесін жүзеге асыруда педагогикалық кеңестің шешімі негізінде Үлгілік оқу жоспарын таңдауға академиялық еркіндік беріледі.

Білім беру ұйымы педагогикалық кеңестің шешімімен:

- әр сыныпқа жеке-жеке;
- параллель сыныптарға;
- мектеп бойынша Үлгілік оқу жоспарының біреуін таңдай алады.

Күтпеген жағдайларға байланысты оқу апталарын қысқарту кезінде оқыту мақсаттарын оқу материалдарының күрделілігін және білімдегі олқылықтарды талдауды ескере отырып, оларды интеграциялау арқылы оңтайландыру қажет.

Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 35 оқу аптасын, 2-11 (12) сыныптарда – 36 оқу аптасын құрайды.

Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарының оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 1 сыныптарына мынадай өзгерістер енгізілді:

- «Әліппе» және «Ана тілі» пәндері оқытылады;
- «Шетел тілі» және «Орыс тілі» пәндері оқытылмайды;
- «Көркем еңбек» пәні екі пәнге бөлінді: «Еңбекке баулу» және

«Бейнелеу өнері»;

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін 1-сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарына мынадай өзгерістер енгізілді:

- «Қазақ тілі», «Букварь» және «Обучение грамоте» пәндері оқытылады;
- «Шет тілі» пәні алынып тасталды;
- «Көркем еңбек» пәні екі пәнге бөлінді: «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу

өнері».

Ұйғыр, өзбек, тәжік тілдерінде оқытатын 1-сыныпқа арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарына мынадай өзгерістер енгізілді:

- «Қазақ тілі», «Әліппе» және «Ана тілі» пәндері оқытылады;
- «Орыс тілі» және «Шет тілі» пәндері алынып тасталды;
- «Көркем еңбек» пәні екі пәнге бөлінді: «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу

өнері».

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары

№	ОҚУ ПӘНДЕРІ	2022-2023 оқу жылы						Төмендетелген оқу жүктемесі (қолданыстағы)						Төмендетелген оқу жүктемесі (ұсынылатын)					
		сыныптар				жүктеме		сыныптар				жүктеме		сыныптар				жүктеме	
		1	2	3	4	апталық	жылдық	1	2	3	4	апталық	жылдық	1	2	3	4	апталық	жылдық
1	Әліппе, Ана тілі	6	-	-	-	6	210	6				6	210	6	-	-	-	6	210
2	Қазақ тілі	-	4	4	4	12	432	-	4	4	4	12	432	-	4	4	4	12	432
3	Әдебиеттік оқу	-	3	3	3	9	324	-	3	3	3	9	324	-	3	3	3	9	324
4	Орыс тілі		2	2	2	6	216		2	2	2	6	216		2	2	2	6	216
5	Шетел тілі		2	2	2	6	216		2	2	2	6	216		2	2	2	6	216
6	Математика	4	4	5	5	18	644	4	4	5	5	18	644	4	4	5	5	18	644
7	Цифрлық сауаттылық	0,5	1	1	1	3,5	125,5	0,5	1	1	1	3,5	125,5	0,5	1	1	1	3,5	125,5
8	Жаратылыстану	1	1	2	2	6	215	1	1	1	1	4	143	1	1	2	2	6	215
9	Дүниетану	1	1	2	2	6	215	1	1	1	1	4	143	1	1	1	1	4	143
10	Көркем еңбек		1	1	1	4	108		1	1	1	3	108		1	1	1	3	108
11	Еңбекке баулу	1				1	35	1				1	35	1				1	35
12	Бейнелеу өнері	1				1	35	1				1	35	1				1	35
13	Музыка	1	1	1	1	4	143	1	1	1	1	4	143	1	1	1	1	4	143
14	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	429	2	2	2	2	8	286	2	2	2	2	8	286
Инварианттық		18,5	23	25	25	91,5	3347,5	17,5	22	23	23	85,5	3060,5	17,5	22	24	24	87,5	3132,5
Вариативтік жүктеме																			
Таңдау сабақтары								1	1	1	1	4	143	1	1	1	1	4	143
Жеке және топтық		1	1	1	1	4	143	1	1	1	1	4	143	1	1	1	1	4	143
Вариативтік жүктеме		1	1	1	1	4	143	2	2	2	2	8	286	2	2	2	2	8	286
Барлығы		19,5	24	26	26	95,5	3418,5	19,5	24	25	25	93,5	3346,5	19,5	24	26	26	95,5	3418,5

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары

№	ОҚУ ПӘНДЕРІ	2022-2023 оқу жылы						Төмендетелген оқу жүктемесі (қолданыстағы)						Төмендетелген оқу жүктемесі (ұсынылатын)					
		сыныптар				жүктеме		сыныптар				жүктеме		сыныптар				жүктеме	
		1	2	3	4	апталық	жылдық	1	2	3	4	апталық	жылдық	1	2	3	4	апталық	жылдық
1	Букварь, Обуч.грамоте	6	-	-	-	6	210	6	-	-	-	6	210	6	-	-	-	6	210
2	Орыс тілі	-	4	4	4	12	432	-	4	4	4	12	432	-	4	4	4	12	432
3	Әдебиеттік оқу	-	3	3	3	9	324	-	3	3	3	9	324	-	3	3	3	9	324
4	Қазақ тілі	2	3	3	4	12	430	2	2	3	3	10	358	2	3	3	4	12	430
5	Шетел тілі		2	2	2	6	216		2	2	2	6	216		2	2	2	6	216
6	Математика	4	4	5	5	18	644	4	4	5	5	18	644	4	4	5	5	18	644
7	Цифрлық сауаттылық	0,5	1	1	1	3,5	125,5	0,5	1	1	1	3,5	125,5	0,5	1	1	1	3,5	125,5
8	Жаратылыстану	1	1	2	2	6	215	1	1	1	1	4	143	1	1	2	2	6	215
9	Дүниетану	1	1	1	1	4	143	1	1	1	1	4	143	1	1	1	1	4	143
10	Көркем еңбек		1	1	1	3	108		1	1	1	3	108		1	1	1	3	108
11	Еңбекке баулу	1				1	35	1				1	35	1				1	35
12	Бейнелеу өнері	1				1	35	1				1	35	1				1	35
13	Музыка	1	1	1	1	4	143	1	1	1	1	4	143	1	1	1	1	4	143
14	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	429	2	2	2	2	8	286	2	2	2	2	8	286
Инварианттық оқу жүктемесі		20,5	24	26	27	97,5	3489,5	19,5	22	24	24	89,5	3202,5	19,5	23	25	26	93,5	3346,5
Жеке және топтық								1	1	1	1	4	143	1	1	1	1	4	143
Вариативтік жүктеме								1	1	1	1	4	143	1	1	1	1	4	143
Барлығы		20,5	24	26	27	97,5	3489,5	20,5	23	25	25	93,5	3345,5	20,5	24	26	27	97,5	3489,5

1-сынып бойынша 5 сағат өзгерістер енгізілді.

«Өзін-өзі тану» пәнінің 1 сағаты «Бейнелеу өнеріне»/ ««Изобразительное искусство»» берілді.

Шет тілі пәнінің 2 сағатынан математикаға (1 сағат) және «Еңбекке баулу» /«Трудовое обучение» (1 сағат) бөлінді.

Қазақ тілінде оқытатын сыныптарда - Орыс тілінің 2 сағаты вариативті компонентке ауыстырылды.

2-сыныпта бойынша 3 сағат өзгерістер енгізілді.

«Өзін-өзі тану» пәнінің 1 сағаты «Бейнелеу өнері»/ «Изобразительное искусство» пәніне берілді.

Шет тілі пәнінің 2 сағатынан математикаға (1 сағат) және «Еңбекке баулу» /«Трудовое обучение» (1 сағат) бөлінді.

3-сыныпта бойынша 1 сағат өзгерістер енгізілді.

«Өзін-өзі тану» пәнінің 1 сағаты «Бейнелеу өнері»/ «Изобразительное искусство» пәніне берілді.

Негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларында (5-9 сынып) сондай - ақ инвариантты компонент – «Тіл және әдебиет» - 60 сағат, «Математика және информатика» - 30 сағат, «Жаратылыстану» - 27 сағат, «Адам және қоғам» - 16 сағат, «Технология және өнер» - 9 сағат, «Дене шынықтыру» - 15 сағат сақталды.

Бұл ретте 5-9 сыныптардың инвариативтік компонентінде «Қазақ тілі мен әдебиеті» (5 сағат) және « Өзін-өзі тану» (5 сағат) пәндері, 5 сыныпта 0,5 сағатқа шет тілі қысқартылды.

5-8 сыныптарда «Жаһандық құзыреттіліктерді» зерттеуге арналған вариативті компонентте 0,5 сағатқа (2 сағат) қысқартылды.

Осылайша, негізгі орта білім беру деңгейінде апталық оқу жүктемесі 159,5 сағатты құрады (2021 жылға дейін-171 сағат).

5-сынып бойынша 3 сағат өзгерістер енгізілді.

«Өзін-өзі тану» пәнінің 1 сағаты вариативті компонентке ауыстырылды.

«Көркем еңбек» пәнінің 2 сағаты «Технология» пәніне (1 сағат) және «Бейнелеу өнері» /«Изобразительное искусство» пәніне (1 сағат) берілді.

6-сынып бойынша 3 сағат өзгерістер енгізілді.

«Өзін-өзі тану» пәнінің 1 сағаты вариативті компонентке ауыстырылды.

«Көркем еңбек» пәнінің 2 сағаты «Технология» пәніне (1 сағат) және «Бейнелеу өнері» /«Изобразительное искусство» пәніне (1 сағат) берілді.

7-9 сыныптарда өзгерістер 1 сағаттан енгізілді

«Өзін-өзі тану» пәнінің 1 сағаты вариативті компонентке ауыстырылды.

«Көркем еңбек» пәні «Технология» пәні болып өзгертілді.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары

Білім салалары және оқу пәндері		2022-2023 оқу жылы							Төмендетелген оқу жүктемесі (қолданыстағы)							Төмендетелген оқу жүктемесі (ұсынылатын)						
		сыныптар					жүктеме		сыныптар					жүктеме		сыныптар					жүктеме	
Инвариантты компонент		5	6	7	8	9	апталық	жылдық	5	6	7	8	9	апталық	жылдық	5	6	7	8	9	апталық	жылдық
1	Қазақ тілі	3	3	3	2	2	13	468	3	3	2	2	2	12	432	3	3	2	2	2	12	432
2	Қазақ әдебиеті	2	2	2	3	3	12	432	2	2	2	2	2	10	360	2	2	2	2	2	10	360
3	Орыс тілі мен әдебиеті	3	3	3	3	3	15	540	3	3	3	3	3	15	540	3	3	3	3	3	15	540
4	Шетел тілі	3	3	3	3	3	15	540	3	3	3	3	3	15	540	3	3	3	3	3	15	540
5	Математика	5	5	-	-	-	10	360	5	5	-	-	-	10	360	5	5	-	-	-	10	360
6	Алгебра	-	-	3	3	3	9	324	-	-	2	2	2	6	216	-	-	3	3	3	9	324
7	Геометрия	-	-	2	2	2	6	216	-	-	1	1	1	3	108	-	-	1	1	1	3	108
8	Информатика	1	1	1	1	1	5	180	1	1	1	1	1	5	180	1	1	1	1	1	5	180
9	Жаратылыстану	2	2	-	-	-	4	144	1	1	-	-	-	2	216	2	2	-	-	-	4	144
10	Физика	-	-	2	2	2	6	216	-	-	1	1	1	3	108	-	-	2	2	2	6	216
11	Химия	-	-	1	2	2	5	180	-	-	1	1	1	3	108	-	-	2	2	2	6	216
12	Биология	-	-	2	2	2	6	216	-	-	1	1	1	3	108	-	-	2	2	2	6	216
13	География	-	-	2	2	2	6	216	-	-	1	1	1	3	108	-	-	1	1	1	3	108
14	Қазақстан тарихы	2	2	2	2	2	10	360	2	2	1	1	1	7	252	2	2	2	2	2	10	360
15	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	1	5	180	1	1	1	1	1	5	180	1	1	1	1	1	5	180
16	Құқық негіздері	-	-	-	-	1	1	36	-	-	-	-	1	1	36	-	-	-	-	1	1	36
18	Музыка	1	1	-	-	-	2	72	1	1	-	-	-	2	72	1	1	-	-	-	2	72
19	Көркем еңбек	2	2	1	1	1	7	252	2	2	1	1	1	7	252	2	2	1	1	1	7	252
20	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	540	2	2	2	2	2	10	360	2	2	2	2	2	10	360
Инварианттық оқу жүктемесі		28	28	31	32	33	152	5472	26	26	23	23	24	122	4392	27	27	28	28	29	139	5004

Жаһандық құзыреттілік	0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	108	0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	108	0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	108
Инвариантты компоненттен таңдау элементтері*	-	-	-	-	-	-		-	-	6	6	6	18	648	-	-	2	3	3	8	288
Дене шынықтыру: спорттық ойындар								1	1	1	1	1	5	180	1	1	1	1	1	5	180
Вариативтік оқу жүктемесі	0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	108	1,5	1,5	7,5	7,5	8	26	936	1,5	1,5	3,5	4,5	5	16	576
Ең жоғарғы оқу жүктемесі	28,5	28,5	31,5	32,5	34	155	5580	27,5	27,5	30,5	30,5	32	148	5328	28,5	28,5	31,5	32,5	34	155	5580

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары

Білім салалары және оқу пәндері		2022-2023 оқу жылы							Төмендетелген оқу жүктемесі (қолданыстағы)							Төмендетелген оқу жүктемесі (ұсынылатын)						
		сыныптар					жүктеме		сыныптар					жүктеме		сыныптар					жүктеме	
Оқу пәндері		5	6	7	8	9	апталық	жылдық	5	6	7	8	9	апталық	жылдық	5	6	7	8	9	апталық	жылдық
Инвариантты компонент																						
1	Русский язык	3	3	3	2	2	13	468	3	3	2	2	2	12	432	3	3	2	2	2	12	432
2	Русская литература	2	2	2	3	3	12	432	2	2	2	2	2	10	360	2	2	2	2	2	10	360
3	Казахский язык и литература	4	4	4	4	4	20	720	4	4	3	3	3	17	612	4	4	3	3	3	17	612
4	Иностранный язык	3	3	3	3	3	15	540	3	3	3	3	3	15	540	3	3	3	3	3	15	540
5	Математика	5	5	-	-	-	10	360	5	5	-	-	-	10	360	5	5	-	-	-	10	360
6	Алгебра	-	-	3	3	3	9	324	-	-	2	2	2	6	216	-	-	3	3	3	9	324
7	Геометрия	-	-	2	2	2	6	216	-	-	1	1	1	3	108	-	-	1	1	1	3	108
8	Информатика	1	1	1	1	1	5	180	1	1	1	1	1	5	180	1	1	1	1	1	5	180
9	Естествознание	2	2	-	-	-	27	972	1	1	-	-	-	2	72	2	2	-	-	-	4	144

10	Физика	-	-	2	2	2	4	144	-	-	1	1	1	3	108	-	-	2	2	2	6	216
11	Химия	-	-	2	2	2	6	216	-	-	1	1	1	3	108	-	-	2	2	2	6	216
12	Биология	-	-	1	2	2	5	180	-	-	1	1	1	3	108	-	-	2	2	2	6	216
13	География	-	-	2	2	2	6	216	-	-	1	1	1	3	108	-	-	1	1	1	3	108
14	История Казахстана	2	2	2	2	2	6	216	2	2	1	1	1	7	252	2	2	2	2	2	10	360
15	Всемирная история	1	1	1	1	1	10	360	1	1	1	1	1	5	180	1	1	1	1	1	5	180
16	Основы права	-	-	-	-	1	5	180	-	-	-	-	1	1	36	-	-	-	-	1	1	36
18	Музыка	1	1	-	-	-	1	36	1	1	-	-	-	2	72	1	1	-	-	-	2	72
19	Художественный труд	2	2	1	1	1	7	252	2	2	1	1	1	7	252	2	2	1	1	1	7	252
20	Физическая культура	3	3	3	3	3	15	540	2	2	2	2	2	10	360	2	2	2	2	2	10	360
Инвариантная учебная нагрузка		29	29	32	33	34	157	5652	27	27	23	23	24	124	4464	28	28	28	28	29	141	5076
Глобальные компетенции		0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	108	0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	108	0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	108
Предметы по выбору из инвариантного компонента									-	-	6	6	6	18	648	-	-	3	3	3	9	324
Элективные курсы									-		-		1	1	36	-		-		1	1	36
Физическая культура: спортивные игры									1	1	1	1	1	5	180	1	1	1	1	1	5	180
Вариативная учебная нагрузка		0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	108	1,5	1,5	7,5	7,5	9	27	972	1,5	1,5	4,5	4,5	6	18	648
Объем максимальной учебной нагрузки		29,5	29,5	32,5	33,5	35	160	5760	28,5	28,5	30,5	30,5	33	151	5436	29,5	29,5	32,5	32,5	35	159	5724

Жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларында (10-11 сынып) «Өзін-өзі тану» пәні алынып тасталды (2 сағат), «Қазақ тілі» пәнінің сағаты (2 сағат) және вариативтік компонент сағаты қысқартылды.

Осылайша, орта білім беру деңгейінде апталық оқу жүктемесі 64 сағатты құрады (2021 жылға дейін 74 сағат).

Білім берудің барлық деңгейлеріндегі өзгерістерге сәйкес нормативтік оқу жүктемесінің жылдық көлемі 990 сағатқа қысқарды.

Екі жылдың ішінде қысқарту 1500 сағатты құрады. Нормативтік оқу жүктемесін одан әрі қысқартуға жол берілмейді, өйткені бұл академиялық және іргелі білімнің тұтастығын бұзуға әкеледі.

Оқу жүктемесінің жалпы көлемінен білім беру салаларының оқу жүктемесінің үлесі: «Тіл және әдебиет» - 37%, «Математика және информатика» - 21%, «Жаратылыстану» - 14%, «Адам және қоғам» - 10%, «Технология және өнер» - 6%, «Дене шынықтыру» - 12%.

Білім беру саласы	Сағат саны				Үлесі, %
	Бастауыш білім	Негізгі орта	Жалпы орта	Барлығы	
Тіл және әдебиет	1362	1887,5	720	3969,5	37%
Математика және информатика	769,5	1080	360	2209,5	21%
Жаратылыстану ғылымдары	215	972	288	1475,0	14%
Адам және қоғам	143	576	360	1079,0	10%
Технология және өнер	321	324		645,0	6%
Дене шынықтыру	429	540	288	1257,0	12%
Барлығы:	3239,5	5379,5	2016	10635,0	100%

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары

№	Оқу пәндері	2022-2023 оқу жылы (қолданыстағы)				2022-2023 оқу жылы (ұсынылған)				Оқу пәндері	Төмендетелген оқу жүктемесі (қолданыстағы)				Төмендетелген оқу жүктемесі (ұсынылатын)			
		Сыныптар бойынша апталық сағаттар саны			Жалпы жүктеме	Сыныптар бойынша апталық сағаттар саны			Жалпы жүктеме		Сыныптар бойынша апталық сағаттар саны			Жалпы жүктеме	Сыныптар бойынша апталық сағаттар саны			Жалпы жүктеме
		10	11	апталық	жылдық	10	11	апталық	жылдық		10	11	апталық	жылдық	10	11	апталық	жылдық
1	Қазақ тілі	2	2	4	144	2	2	4	144	Қазақ тілі	2	2	4	144	2	2	4	144
2	Қазақ әдебиеті	3	3	6	216	3	3	6	216	Қазақ әдебиеті	2	2	4	144	2	2	4	144
3	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	4	144	2	2	4	144	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	4	144	2	2	4	144
4	Шетел тілі	3	3	6	216	3	3	6	216	Шетел тілі	3	3	6	216	3	3	6	216
5	Алгебра және анализ бастамалары	3	3	6	216	3	3	6	216	Алгебра және анализ бастамалары	2	2	4	144	3	3	6	216
6	Геометрия	1	1	2	72	1	1	2	72	Геометрия	1	1	2	72	1	1	2	72
7	Информатика	1	1	2	72	1	1	2	72	Информатика	1	1	2	72	1	1	2	72
8	Физика	1	1	2	72	2	2	4	144	Физика	1 пән 2 сағаттан	1 пән 2 сағаттан	4	144	2 сағаттан 2 пән	2 сағаттан 2 пән	8	288
9	Химия	1	1	2	72	2	2	4	144	Химия								
10	Биология	1	1	2	72	2	2	4	144	Биология								
11	География	1	1	2	72	1	1	2	72	Кәсіпкерлік және бизнес негіздері								
12	Қазақстан тарихы	2	2	4	144	2	2	4	144	Қазақстан тарихы	2	2	4	144	2	2	4	144

13	Дене шынықтыру	2	2	4	144	2	2	4	144	Дене шынықтыру	2	2	4	144	2	2	4	144
14	Құқық негіздері	1	1	2	72	1	1	2	72	Құқық негіздері	3 сағаттан 2 пән	3 сағаттан 2 пән			3 сағаттан 2 пән	3 сағаттан 2 пән	8	288
										Шетел тілі (екінші)								
										Дүниежүзі тарихы								
										География								
15	Дене шынықтыру	3	3	6	216	3	3	6	216	Дене шынықтыру	2	2	4	144	2	2	4	144
16	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	1	2	72	1	1	2	72	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	1	2	72	1	1	2	72
Инвариантты оқу жүктемесі		28	28	56	2016	31	31	62	2232		26	26	52	1872	27	27	54	1944
										Вариативті компоненттен таңдау пәндері	4	4	8	288	4	4	8	288
	Жаһандық құзыреттілік	1	1	2	72	1	1	2	72	Жаһандық құзыреттілік	1	1	2	72	1	1	2	72
	Элективті курстар	4	4	8	288	2	2	4	144	Физическая культура: спортивные игры	1	1	2	72	1	1	2	72
	Вариативтік компонент	5	5	10	360	3	3	6	216	Вариативтік компонент	6	6	12	432	6	6	12	432
	Ең жоғарғы оқу жүктемесі	33	33	66	2376	34	34	68	2448	Ең жоғарғы оқу жүктемесі	32	32	64	2304	33	33	66	2376

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары

№	Оқу пәндері	2022-2023 оқу жылы (қолданыстағы)				2022-2023 оқу жылы (ұсынылған)				Оқу пәндері	Төмендетелген оқу жүктемесі (қолданыстағы)				Төмендетелген оқу жүктемесі (ұсынылатын)			
		Сыныптар бойынша апталық сағаттар саны			Жалпы жүктеме жылдық	Сыныптар бойынша апталық сағаттар саны			Жалпы жүктеме жылдық		Сыныптар бойынша апталық сағаттар саны		Жалпы жүктеме жылдық	Сыныптар бойынша апталық сағаттар саны		Жалпы жүктеме жылдық		
		10	11	апталық		10	11	апталық			10	11		апталық	10		11	апталық
1	Қазақ тілі	1	1	2	72	1	1	2	72	Қазақ тілі	1	1	2	72	1	1	2	72
2	Қазақ әдебиеті	2	2	4	144	2	2	4	144	Қазақ әдебиеті	2	2	4	144	2	2	4	144
3	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	4	144	2	2	4	144	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	4	144	2	2	4	144
4	Шетел тілі	3	3	6	216	3	3	6	216	Шетел тілі	2	2	4	144	2	2	4	144
5	Алгебра және анализ бастамалары	4	4	8	288	4	4	8	288	Алгебра және анализ бастамалары	3	3	6	216	4	4	8	288
6	Геометрия	2	2	4	144	2	2	4	144	Геометрия	2	2	4	144	2	2	4	144
7	Информатика	2	2	4	144	2	2	4	144	Информатика	2	2	4	144	2	2	4	144
8	Физика	2	2	4	144	2	2	4	144	Физика	3 сағаттан 2 пән	3 сағаттан 2 пән	12	432	3 сағаттан 2 пән	3 сағаттан 2 пән	12	432
9	Химия	2	2	4	144	2	2	4	144	Химия								
10	Биология	2	2	4	144	2	2	4	144	Биология								
11	География	2	2	4	144	2	2	4	144	География								
12	Қазақстан тарихы	2	2	4	144	2	2	4	144	Қазақстан тарихы	1	1	2	72	1	1	2	72
13	Дүниежүзі тарихы	1	1	2	72	1	1	2	72	Дүниежүзі тарихы	2 сағаттан 1 пән	2 сағаттан 1 пән	4	144	2 сағаттан 1 пән	2 сағаттан 1 пән	4	144
14	Құқық негіздері	1	1	2	72	1	1	2	72	Құқық негіздері								

									Вариативті компоненттен таңдау пәндері									
									Графика және дизайн									
16	Дене шынықтыру	3	3	6	216	3	3	6	216	Дене шынықтыру	2	2	4	144	2	2	4	144
17	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	1	2	72	1	1	2	72	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	1	2	72	1	1	2	72
Инвариантты оқу жүктемесі		32	32	64	2304	32	32	64	2304	Инвариантты оқу жүктемесі	26	26	52	1872	27	27	54	1944
Вариативті компоненттен										Вариативті компоненттен таңдау пәндері	4	4	8	288	4	4	8	288
	Жаһандық құзыреттілік	1	1	2	72	1	1	2	72	Жаһандық құзыреттілік	1	1	2	72	1	1	2	72
	Элективті курстар									Элективті курстар	1	1	2	72	1	1	2	72
	Вариативтік компонент	1	1	2	72	2	2	4	144	Вариативтік компонент	1	1	2	72	1	1	2	72
	Ең жоғарғы оқу жүктемесі	2	2	4	144	3	3	6	216	Ең жоғарғы оқу жүктемесі	7	7	14	504	7	7	14	504
	Жаһандық құзыреттілік	34	34	68	2448	35	35	70	2520	Жаһандық құзыреттілік	33	33	66	2376	34	34	68	2448

10-11 сыныптарда өзгерістер 2 сағаттан енгізілді

«Өзін-өзі тану» пәнінің 1 сағаты вариативті компонентке ауыстырылды. «Өзін-өзі тану» пәнінің мазмұны 1-11 сыныптар аралығында Орта мектептің көптеген оқу пәндерінің мазмұнына интеграцияланғандығына байланысты осы пәннің сағаттары «Бейнелеу өнері»/ «Изобразительное искусство» және «Еңбекке баулу» /«Трудовое обучение» (бұрын осы екі пән «Көркем еңбек» пәніне кіріктілген) пәндеріне 1-6-ға сыныптарға берілді.

Бастауыш мектепте «Еңбекке баулу» /«Трудовое обучение» және «Бейнелеу өнері»/ «Изобразительное искусство» екі пәнін енгізу қажет болды, өйткені жас оқушыларды шығармашылықпен ынталандыру, еңбекке, еңбек қызметіне оң көзқарасты қалыптастыру, шығармашылық арқылы баланың дүниетанымын дамыту, оны өнерге баулу маңызды. Сондай-ақ, білім берудің бастапқы деңгейінде оқыту баланың негізгі білімі мен практикалық дағдыларын қалыптастырады, олардың шығармашылық қиялын, қол моторикасын дамытады, адамның мүмкіндіктері туралы түсініктерін, эстетикалық қасиеттерін кеңейтеді: пішін, сызық, материал, түс сезімі.

Осылайша, бұл пәндерді енгізу эстетикалық талғамға тәрбиелеуге, психоэмоционалды интеллектті қалыптастыруға, өз дағдыларын жетілдіруге деген ұмтылысты дамытуға, бастауыш сынып оқушыларында да, 5,6-сынып оқушыларында да еңбек дайындығы мен ерте бейіндеуге бағытталған.

Ғалымдардың ана және шет тілдерін зерделеу бойынша зерттеулерін, білім алушылардың, ата-аналар мен педагогтардың әлеуметтанулық зерттеу қорытындылары бойынша пікірлерін ескере отырып (Ы.Алтынсарин ат.ҰБА) бір мезгілде бірнеше тілді (екі және одан да көп) оқу кезінде оқушыларға жоғары жүктеме түсетіндіктен, үлгілік оқу жоспарларына тілдік пәндерді оқыту бойынша өзгерістер енгізілді.

Бірінші сыныптан бастап ана тілі мен қазақ тілі міндетті түрде оқытылатын болады. Екінші сыныптан бастап қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі, үшінші сыныптан бастап шет тілі енгізіледі. Ғалымдардың пікірінше, белгілі бір уақытта оңтайлы әрекеттерді ескеру және оқудың шамадан тыс жүктелуіне жол бермеу маңызды.

Сонымен қатар, шет тілін үйрену барлық жастағы адамдар үшін тиімді, – дейді Халықаралық зерттеу нәтижелері. Отто фон Герике атындағы Магдебург университетінің ғалымдары және олардың испандық әріптестері жаңа сөздерді есте сақтау мидағы вентральды стриатумды – «ләззат орталығын» «центр удовольствия» белсендіретінін анықтады. Зерттеушілердің пікірінше, бұл эволюция процесінде олардың тілдік дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Сағатты вариативті компонентке ауыстыруға қатысты келесі өзгеріс. Ең алдымен, сағаттардың мұндай ауысуы білім беру ұйымының таңдаған пәні немесе бағыты бойынша тереңдетілген оқытуды таңдауға, қажет болған жағдайда мамандандыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, 5-11 сыныптар аралығында вариативті компоненттің 1 сағаты «Жаһандық құзыреттілік» курсына бөлінген, бұл білім алушылардың функционалдық сауаттылығын және қажетті құзыреттіліктерді қамтитын көп

өлшемді қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік береді: жаһандық және мәдениетаралық мәселелерді зерттеу және сыни бағалау қабілеті; әртүрлі дүниетанымдар мен көзқарастарды түсіну және бағалау; білім алушылармен табысты және құрметпен өзара іс-қимыл жасау басқа; ұжымдық әл-ауқат пен Тұрақты даму үшін шаралар қабылдау; жаһандық бәсекеге қабілеттіліктің негізгі заңдарын түсіну; қауіпсіз мінез-құлық пен денсаулықты сақтау дағдыларына ие болу; өзіңізді және басқаларды құрметтеуге, өз күштеріңіз бен шығармашылық қабілеттеріңізге сенуге, медиа сауаттылық пен қаржылық сауаттылық дағдыларын дамытуға үйрену.

2022-2023 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365 және 30.09.2022 ж. № 412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

– «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйегіндегі №399 бұйрығы);

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйегіндегі №399 бұйрығы негізінде өзгертілген жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларының тізімі:

Барлығы - 26 қосымша, оның ішінде: 11, 27, 28, 30, 53, 56, 57, 58, 59, 61, 68, 104, 105, 110, 111, 112, 113, 114, 115, 117, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 125-қосымшалар.

11-қосымша - Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған **«Қазақ тілі»** оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде емес)

27-қосымша - Бастауыш білім беру деңгейінің 1- сыныбына арналған **«Цифрлық сауаттылық»** оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

28-қосымша - Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған **«Жаратылыстану»** оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

30-қосымша - Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған **«Бейнелеу өнері»** оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

53-қосымша - Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған **«Алгебра»** оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

56-қосымша - Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6-сыныптарына арналған **«Жаратылыстану»** оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

57-қосымша - Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған **«Физика»** оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

58-қосымша - Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған **«Химия»** оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

59-қосымша - Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған **«Биология»** оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

61-қосымша - Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған **«Қазақстан тарихы»** оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

68-қосымша Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған **«Жаһандық құзыреттер»** оқу курсы бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

104-қосымша - Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған **«Алгебра және анализ бастамалары»** оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

